

Магистратураға түсуші тұлғалар:

- 1) Ректордың атына еркін түрде өтінішті;
- 2) жоғары білімі туралы құжатты (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
- 4) 3x4 сантиметр өлшемді алты фотосурет;
- 5) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттаманы сандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) (бұданәрі - № 907 бұйрық) 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы;
- 6) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат (ағылшын, француз, неміс) International English Language Tests System (IELTS, шекті балл - кемінде 6,0), IELTS INDICATOR (АЙТЛС Индикатор) шекті балл – кемінде 6,0, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи) шекті балл – кемінде 543, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT, шекті балл – кемінде 60), Test of English as a Foreign Language paper-based testing, (TOEFL PBT, шекті балл – кемінде 498, Deutsche Sprachprüfung fuerden Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/деңгейC1), TestDaF–Prüfung (Niveauc1/C1 деңгейі), Test de Franzais International™ (TFI-оқу және тыңдау секциялары бойынша B1деңгейінен төмен емес), Diplome d' Etudes en Langue Franzaise (DELF, B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue franzaise (DALF, C1 деңгейі), Test de connaissance du franzaise (TCF – кемінде 50 балл) (болған жағдайда) (бар болған жағдайда);
- 7) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек стажы бар адамдар үшін);
- 8) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда).

Осы тармақтың 6) және 7) тармақшаларда көрсетілген құжаттар көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.